



*ұйымдардың кеңселік үй-жайларын шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне беру Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 1998 жылғы 22 қазандағы N 637 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 652 нөмірімен тіркелген, "Заң газеті" газетінің 1999 жылғы 13 қаңтардағы N 2 (269) нөмірінде жарияланған)...*

-----

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 6 наурыздағы N 3398 U973398\_ "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаумен жандандыруды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығымен Қазақстан Республикасы "Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету туралы" Z970131\_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті қаулы етеді:

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілердің меншігіне өндірістік қызмет ұйымдастыру үшін бос тұрған өндірістік объектілерді, мемлекеттік кәсіпорындарымен мекемелердің офистік бөлмелерін жалға немесе сенімгерлік басқаруға өндірістік қызмет ұйымдастыру шартымен беру туралы Қағидасы бекітілсін.

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың мүліктерін пайдалануын бақылау басқармасы (Жүзбаева М.А.) бекітілген Қағиданы белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы шағын бизнеске қолдау көрсету агенттігімен келісуін және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуін қамтамасыз етсін.

3. Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 1998 жылдың 4 шілдедегі N 305 "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен жандандыруды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінен өндіріс жұмыстарын ұйымдастыру шартымен берілген объектілердің шағын кәсіпкерлердің меншігіне өту құқығын реттеу туралы Ережесі" қаулысының күші жойылсын.

Қ а р ж ы            В и ц е - м и н и с т р і            -

Департамент Директоры

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Қаржы министрлігінің

М е м л е к е т т і к            м ү л і к            ж ә н е  
ж е к е ш е л е н д і р у            д е п а р т а м е н т і н і ң

1 9 9 8            ж .            2 2            қ а з а н            N            6 3 7

қаулысымен бекітілген

Шағын кәсіпкерлік субъектілердің меншігіне өндірістік қызмет ұйымдастыру үшін бос тұрған өндірістік объектілерді, мемлекеттік кәсіпорындарымен мекемелердің офистік бөлмелерін жалға немесе сенімгерлік басқаруға өндірістік қызмет ұйымдастыру шартымен беру туралы Қағидасы

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы қағида "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен жандандыруды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы Жарлығына "Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жасалынған және шағын кәсіпкерлік субъектілердің өндірістік қызметті ұйымдастыру жағдайында, сонымен қатар, өндірістік қызметті ұйымдастыру үшін пайдалану жағдайында бір жыл мерзімге берілген бос тұрған өндірістік, аяқталмаған құрылыс объектілерін, офистік бөлмелерді сенімгерлік басқару немесе оларға жалға берілген объектілерді меншік құқына өтуін бекіту тәртібін р е т т е й д і .

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілері объектілерді жалға немесе бекітілген мерзімі аяқталғаннан кейін оларға сол объектілерді тегін беру туралы арыздарын мынадай жағдайда беруге құқылы:

1) жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы келісім шарттың толығымен орындалуы ;

2) объектіде өндірістік қызметті ұйымдастырған кезде.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілердің жалға алу немесе сенімгерлік басқару шарты келісімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеттерінің, тұрақты жұмыс істейтін Комиссия құрылады. Комиссияның құрамына жергілікті атқару органдарымен және салалық министрліктердің, ведомстволардың аумақтық бөлімшелерімен келісіліп, олардың өкілдері енгізіледі.

Комиссияның төрағалары мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеттерінің өкілдері болып табылады.

4. Комиссиялар шағын кәсіпкерлік субъектілердің жалға алу немесе пайдаланылмаған мемлекеттік үйлер мен объектілерді сенімгерлік басқару шарт келісімдерінің орындалуына бақылауды жалға алу немесе сенімді басқару шартын жасасқан күннен алты ай өткеннен кейін жүзеге асырады.

Аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша тексеру мерзімін жүзеге асыру өндірістік қызметті ұйымдастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілердің оларды пайдалануды, тексеруді жүргізу мерзімін Комиссия көлемі мен инвестицияландыру кезеңдеріне, шарт ережесіне байланысты объектілерді пайдалануға қосу мерзіміне сәйкес өз бетінше жүргізеді. Осы тұрғыда, тексеру жұмыстары бір жылдың ішінде бір реттен жиі емес, ал жұмыскерлер саны он

адамнан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілерін үш жылда бір реттен жиі емес жүргізеді.

5. Жүргізілген тексеру жұмыстардың нәтижелері бойынша келісім шарттардың орындалуы жөнінде қорытынды жасалады, оған Комиссияның барлық мүшелері қолдарын қояды.

Комиссияның қорытындысының мазмұны міндетті түрде төмендегідей болу тиіс: тексеру уақыты мен орны, Комиссия құрамы, объектінің аты, келісім шарттың номері мен оның уақыты, өндірістік қызметтің жасалу факті, тексеру нәтижесі, Комиссияның келісім шартты мерзімінен бұрын бұзу (қалпында қалдыру) немесе объектілерді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне беру немесе келісім шартты бұзып объектіні тендерге беру туралы қорытынды.

Әрбір Комиссия мүшесі келіспеген жағдайда мүшесі Комиссияның қорытындысымен келіспеген жағдайда өзінің айрықша ойын шешімде көрсетуі қ ұ қ ы л ы .

6. Қол қойылған қорытындының бір данасы тексеру жасалғаннан кейінгі бес күннің ішінде шағын кәсіпкерлік субъектісі қолын қойғызып немесе тапсырысты х а т а р қ ы л ы б е р і л е д і .

Егер шағын кәсіпкерлік субъектісі Комиссияның қорытындысы мен келіспеушілік білдіретін болса ол Комиссия қорытындысы белгіленген заң тұрғысында Комиссия қорытындысына шағым білдіруге құқылы.

7. Жүргізілген тексерулердің нәтижесі бойынша аумақты комитеттер төмендегідей шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) жалгерлік немесе сенімдік басқару келісім шартын өз қалпында қалдыру;
- 2) жалгерлік немесе сенімдік басқару шартын бұзу және объектіні тендерге қ о ю .

Жалға беру немесе сенімдік басқару келісім шарттарын қалпында қалдыру туралы шешім тек қана Комиссияның дұрыс қорытындысы болған жағдайда және келісім шарттың өндірістік қызмет ұйымдастыру шарты орындалғанда ш ы ғ а р ы л а д ы .

8. Жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы келісім-шартының мерзімі аяқталғаннан кейін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің ұсынылған өндірістік қызмет көрсетуін растайтын және жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру шарттарының орындалуын көрсететін, құжаттарының негізінде аумақтық комитетте төменгідей шешім қабылдайды:

1) объектіні меншікке беру туралы (жалға беру немесе сенімгерлік басқаруға бір жыл уақыттан асатын мерзімге берілген аяқталмаған құрылыс объектілерін келісім шартты өз қалпында қалдыру туралы);

2) келісім шартты бұзу, (аяқталмаған құрылыс объектілер бойынша - уақытынан бұрын бұзу) және объектіні тендерге шығару туралы.

Объектіні меншікке беру туралы шешім тек қана Комиссияның дұрыс қорытындысы болғанда ғана және келісім шарт толығымен орындалған кезде шығарылады.

9. Объектіні шағын кәсіпкерлік субъектісіне беру, мемлекеттік меншік объектті тегін беру туралы келісім шарт негізінде және беру-алу акті арқылы іске асырылады.

Тіркелу жұмыстары белгіленген заң түрінде жасалады.

10. Жалға немесе сенімділік басқаруға беру келісім шарты бұзылған жағдайда объект қайтарылып, тендерге (аукционға) қойылады.

11. Объектіні дұрыс бақыламау нәтижесінде зақым келтірілетін болса шағын кәсіпкерлік субъекті келтірілген зақымның орнын толтыруға міндетті.

12. Нағызғы ереже қамтымайтын мәселелер белгіленген заң тұрғысында реттеледі.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру  
департаментінің 1998 жылғы 22 қазандағы  
N 637 қаулысымен бекітілген  
Шағын кәсіпкерлік субъектілердің  
өндірістік қызметті ұйымдастыру  
жағдайында сенімгерлік басқару немесе  
оларға жалға берілген объектілердің меншік  
құқына өтуін бекіту тәртібі туралы  
қағидасына қосымша

### Мемлекеттік меншіктегі объектілерді тегін беру туралы

#### Шарт

\_\_\_\_\_ қ. 19\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру департаменті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 желтоқсандағы N 1751 Р971751\_ Қаулысының негізінде, бір жағынан, \_\_\_\_\_ мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру аумақтық комитеті атынан \_\_\_\_\_ және бұдан әрі "Комитет" (өкілетті тұлғаның аты-жөні) деп аталады, және екінші жағынан шағын кәсіпкерлік субъекті \_\_\_\_\_

-----  
(заңды немесе жеке тұлғаның толық аты-жөні және мекенжайы), тұлға \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өкілетті тұлғаның аты-жөні)

\_\_\_\_\_ негізінде, бұдан әрі "Кәсіпкер"

\_\_\_\_\_ төмендегідей шарт жасасты.

# 1. Шарттың мән-мағынасы

1. Шарттың мән-мағынасы мекенжайы \_\_\_\_\_, алаңы \_\_\_\_\_ ш.м. (бұдан әрі объект) мемлекеттік мүлік жекешелендіру аумақтық комитетінде тендерде <\*> алу 199 ж. \_\_\_\_\_ құқығына иеленген, тендер хаттамасының N \_\_\_\_\_, аумақтың комитеттің \_\_\_\_\_ 199\_\_ жылғы N\_\_ бұйрығымен құрылған комиссияның шарттың орындалуы туралы шешіміне с ә й к е с т е г і н б е р у .

2. Қалдық құны \_\_\_\_\_ теңге болатын объектіні Комитет Кәсіпкерге тегін беруі. Объектіні беру, осы шарттың бөлігі болып табылатын, беру-алу акті ар қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

3. Осы шарт белгіленген заң тұрғысында мемлекеттік тіркеуден өтуі тиісті.

## 2. Жақтардың құқы мен міндеттері

4. Комитет шарт жасасқаннан кейін үш күннің ішінде объектіні беру құжаттарын ұсынуға міндетті. Комитет объектіні Кәсіпкерге меншікке тегін бергеннен кейін үш жыл мерзімде оның өндірістік мақсатта қолданылуын т е к с е р у г е қ ұ қ ы л ы .

5. Кәсіпкер объектіні үш жыл мерзімінде өндірістік мақсатта қолдануға міндетті. Объектіні үш жыл мерзімінде біреуге беру немесе сату тек қана Комитеттің рұқсатымен іске асырылуы тиісті.

## 3. Жақтардың жауапкершілігі

6. Егер объект өндірістік мақсатта қолданылмайтын болса Кәсіпкер оны, келтірілген материалдық зияндардың орнын толтырып, Комитетке қайтаруға тиісті.

## 4. Қосымша талаптар

7. Осы шарт мемлекеттік тіркеуден өткен күннен күшіне енеді.

8. Шарт, заңды күштері тең, қазақ және орыс тілдерінде, төрт данада жасалып, екеуі Комитетте қалады, екеуі Кәсіпкерге беріледі.

Жақтардың мекенжайлары мен қолдары \_\_\_\_\_ мемлекеттік мүлік " \_\_\_\_\_ " және жекешелендіру аумақтық заңды тұлғаның аты комитеті немесе жеке тұлғаның аты-жөні \_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ көшесі N \_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ көшесі N \_\_\_\_\_ тел. \_\_\_\_\_ тел. \_\_\_\_\_

Басшы қолы \_\_\_\_\_ Басшы қолы \_\_\_\_\_  
М.О. М.О.

\* Объекті кіші кәсіпкерлік субъектінің ақпараты арқылы берілген болса " тендерде" деген сөзді "оның берген ақпараттары негізінде" деген сөзбен алмастырылады және одан әрі оның өтінімінің реквизиттері мен объектіні жалға немесе сенімгерлік басқаруға беруге негіз болған хаттаманың номері көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК